



Тақырыбы: Құтыруға қарсы вакцина, сарысу,
иммуноглобулиннің сипаттамасы. Қолдану
және қарсы көрсеткіштері. Иммунизациядан
кейінгі қолайсыз көрсеткіштер. Халыққа
антирабикалық көмек көрсету

Орындаған: Чүкен Н.Ж.

Тексерген:

Факультет: ҚДС

Топ: 15-001-02

Курс: 3

ЖОСПАР:

Кіріспе

- Құтыру туралы жалпы түсінік

Негізгі бөлім

- Құтырудың белгілері
- Құтырудың алдын алу және індетке қарсы шараларды ұйымдастыру.
- Құтыруға қарсы вакцина және қарсы көрсеткіштері

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер



Кіріспе:

Құтыру — көне заманнан бері белгілі ауру. Ол туралы алғашқы деректер біздің дәуірімізге дейінгі V ғасыр жазбаларынан табылған. Цинке (1804), Грюнер мен Сальмон (1813), Бернд (1822), сондай-ақ Магенди бұл аурудың жануарлар (ит, құс, күйіс қайыратын мал) мен адамның сілекейі арқылы жұғатынын дәлелдеп берді.

Құтыруға қарсы тұңғыш вакцина жасап, оны адамға еккен ұлы Пастер (1884) болатын. 1886 жылы Одессада И. И. Мечников пен Н. Ф. Гамалея Пастер станциясын ұйымдастырып, құтырған ит қапқан адамдарды сол вакцинамен еге бастады. 1887 жылы В. Бабеш құтырған жануарлардың ми клеткаларында ерекше заттар түзілетінін анықтады, ал 1903 жылы А. Негри бұл заттардың ауруды анықтауда үлкен мәні бар екеніне жұртшылық назарын аударды. 1950 жылдан бері олар Бабеш-Негри денешіктері (түйіршіктері) деп аталады.

Құтыру туралы жалпы түсінік.

Құтыру - бұл орталық нерв жүйесінің зақымдалуымен және өлім-жітіммен аяқталатын, қоздырғышы рабдовирустар тұқымдастығына жататын жануарлар мен адамдардың табиғи ошақтық ауруы. Көбінесе бұл ауруды тасымалдаушы - етқоретілер (*ит, мысық, қасқыр, қарсақ, түлкі, т.б.*) болып табылады. Жануарлар және адамға тістеу арқылы немесе терідегі жараға ауру жануардың сілекейінің жағылуы кезінде жұғады. Құтыру вирусы алдымен зақымданған жерде болып, артынан омыртқа жұлынына және бас миына түседі, одан кейін сілекей безіне түсіп, жүйке жүйесін зақымдап, сілекей арқылы далаға шығады. Сонымен қатар вирус көзді, өкпені, бүйректі, бүйрек үсті безін, бұлшық еттерді, қарын асты безін, сүт бездерін (сүт арқылы шығады) зақымдайды. Құтырудың клиникасы тек бүкіл ағзаны зақымдағаннан кейін ғана пайда болады. Жануарларда инкубациялық кезең 14 күннен 90 күнге дейін созылады.



Құтырудың белгілері

- **Хайуандарда**

Бір түрлі күйде болады,
кейде сұлық жатады,
мазасызданады,
ашуланшақ болады;

Аузы көбіктенеді —
ішіп-жей алмайды;

Жанына жолағанның
бәрін қауып, тістеуі
мүмкін.

Хайуан 5 күн 7 күннің
аралығында өледі.

- **Адамдарда**

Тістеген жер ауырып, ысиды;
Алқынып демалады, түрі
жаңа гана жылаған адам
сияқты болады;


Ауырсынып және қиналып
жутынады, аузының
сілекейі қоюланып,
желімдесе береді;

Адамды үрей билейді,
ашуланшақ келеді,
құтырынып, алас урады;

Өлім алдында талма ұстап,
дене құрысып сал болып
қалады.

Құтырудың таралуы.

- Аурудың қоздырғышы вирус болып табылады, ал жұқпа көзі және жұқпа қоры –жұқтырылған мал. Вирус ауру басталғанша дейін 8-10 күннің ішінде жұқпалы сілекеймен білінеді. Вирус қаңғыма иттерде айналып, мысықтар мен ауыл шаруашылық малдарында таралады. Таралу механизмі – қарым-қатынас арқылы, адам әдеттегідей мал қапқан кезде, құтыру ауруымен ауыратын науқастардың сілекейінен таралады. Аэрогенді таралу жолы да ықтимал (жарғанаттар мекендейтін үңгірлерде, зертхана ішіндегі жұқтыру), тамақтан және трансмиссивтік – жәндіктердің шағуы арқылы. Дәрігерлерге кеш қаралу, егу тәртібінің бұзулу, егулердің аяқталмау салдарынан құтыру ауруы белең алады .



- **Клиникалық түрде 3 кезең белгіленеді:** бастапқы (депрессиялық), қозушылық және сал аурулар кезеңі. Ауру алдындағы белгілер бұрыннан жазылған жара орны солқылдап аурады және күйдіріп ашиды, шаққан жер қызарып, іседі. Дене қызуы орташа немесе субфебрильді. Науқас мұңайып, іштей түңіледі, кейде ашуланшақтық, тамақ ішпеуі, әлсіздік, бас ауруы мен нашар ұйықы мазасыздандырады. Науқастарда кеудесі қысқаны байқалады. Қозушылық кезеңі дене қызуы - 37 °С, жалпы қозушылық, судан үреймен сипатталады.



Клиникасы:


Құтурыдың кезеңдері:

Жасырың кезең -10 күннен 1 жылға дейін (1-3 ай)

Продромальды кезең –депрессия кезеңі -1-3 күн


Қозу кезеңі -2-3 күн

Паралитикалық (терминальды) кезең -12-20 сағат



Алдын алу шаралары.

- Алдын алу шаралары- алдын алу егулер, қаңғыма және құтырма иттерді жою, үй жануарларын дұрыс ұстау ережелерін сақтау ҚР және басқа елдерде үй жануарларының тасымалдануын бақылау арқылы мал арасында жүйелі түрдегі жоспарлы күрес. Елді мекендерде иттер мен мысықтарды ұстау, тіркеу және есепке алу тәртібін жергілікті әкімшілік белгілейді. Белгілі кәсіптегі тұлғалар арасында (ит аулаушылар, ветеринарлық зертхана қызметкерлері, аңшылар) құтыру ауруының жұқтырылуына жол бермеу үшін алдын алу егу курсы жүргізеді. Мал тістеген немесе тырнағанға ұшыраған науқастарды дереу травматологиялық бөлімшеге, ал ол болмаған жағдайда егу тағайындап, жасау үшін хирургия бөлімшесіне жібереді.



Құтыруға қарсы вакцина

- Құтыруға қарсы инактивацияланған дақылдық вакцина сириялық атжалманның бүйрегінен алынған клетка дақылдарында өсірілген құтыру вирусының вакциндік штамынан дайындалады. Вирус ультракүлгін сәуленің әсерімен инактивацияланады, мұздатып, лиофильдік әдіспен құрғатылады. Дайын препарат қызғылт ақ түсті таблетка, стерильді дистилденген суда еріткенде қызғылт түсті шамалы жылтырайтын сұйыққа айналады. Ерітілген вакцинада түйіршектелген бөлшектер болмауы тиіс. 1 ампулада 3мл вакцина бар, тоназтқышта (4°) құрғақ жағдайда сақтайды, пайдалану мерзімі-1,5 жыл.
- Қанғыбас иттерді ұстайтындарға, құтыру вирусымен жұмыс жасайтын ғылыми зерттеу және диагностикалық лабораториялардың қызметкерлеріне сақтану мақсатында алдын ала егу жүргізіледі. Вакцинаны уақыт аралығын 10 күн сайын екі қайтара 3 мл- ден жыл сайын қайталап егеді.
- Егу мақсатында егудің екі нұсқасы бар. Шартты курс бойынша сырт қарағанда дені сау хайуанаттар адамдардың кез келген жерін тістегенде 3-4 инъекция жасалынады. Дені сау хайуанаттар 10 күн бойы ветеринардың бақылауында болғанда, оларда ешқандай ауру белгілері байқалмауы керек. Шартсыз курс құтырған хайуанаттар тістегенде, тырнағанда немесе денеге олардың сілекейі тигенде жүргізіледі.



- **Тістеген адамдардың құтыруға қарсы вакцинацияның тағайындалған курсы алуы**

- Қазақстанда халықты құтыруға қарсы егу тегін жүргізіледі. Жарақаттың орналасуына, тереңдігіне және басқа параметрлерге байланысты дәрігер алдын алу тәсілі туралы шешім қабылдайды. Барынша қарапайым жағдайларда алдын алу кейіннен вакцинациялау арқылы антирабиялық иммуноглобулинмен немесе антирабиялық сарысумен пассивті иммундауды қамтиды. Иммуноглобулинді және сарысуды бір рет егеді.



- Қазіргі уақытта пайдаланылатын вакциналар әдетте 6 рет енгізіледі: инъекция дәрігерге жүгінген күні (0 күні), содан кейін 3, 7, 14, 30 және 90 күндері жасалады. Жүктілік вакцинация үшін қарсы көрсетілім болып табылмайды. Тиісті иммунитетті қамтамасыз ету және вакцинадан кейінгі асқынулардың алдын алу үшін егілген адамдарға вакцинация курсы кезінде және ол аяқталғаннан кейін 6 ай бойы кез келген алкогольдік сусындарды қолдануға болмайтынын есте сақтау керек. Вакцинация кезінде науқастың қатты шаршамауы, салқын тиюдi және қатты қызынуды болдырмау керек. Бұл шектеулер иммунитеттің қалыптасу тиімділігін төмендетуі мүмкін факторларды болдырмау үшін маңызды.


Бешенство: симптомы и лечение

Бешенство – природно-очаговая вирусная инфекция животных и человека



Возбудитель – нейротропный вирус, содержащий рибонуклеиновую кислоту. Может содержаться в слюне, слезах, моче

Переносчики




лисы (основной резервуар инфекции)
волки

шакалы
барсуки

еноты
летучие мыши

Собака
Основная форма болезни – буйная
Продолжительность 6-11 суток



- 1 Вирус в организме распространяется по нервным окончаниям
- 2 Сначала он попадает в спинной мозг
- 3 Затем вирус проникает в головной мозг, развивая его воспаление

В начале заболевания животное прячется, избегает людей, либо ластится, пытается лизнуть

В середине болезни животное возбуждено, яростно хватает предметы, стремится сорваться с привязи

В последней стадии животное не двигается и погибает в состоянии комы

Человек
Проявления болезни



- Судороги глоточной и дыхательной мускулатуры
- При нарастании возбуждения больные становятся агрессивными, мечутся в постели
- Стадия возбуждения сменяется параличом, который и приводит к смерти

Гибнут от бешенства
(человек в год)



Что делать при укусе

- в течение 10 минут интенсивно промыть место укуса струей мыльной воды
- обратиться в ближайший травмпункт, провести курс прививок

Нельзя

- прижимать раны
- накладывать швы

Құтыруға қарсы егу мынандай жағдайларда атқарылады:

- Нағыз құтырған, құтыруға күдікті немесе белгісіз хайуанаттар тістегенде, тырнағанда, тері мен кілегей қабаттарға сілекей жұққанда;
- Құтырған немесе құтыруға күдікті хайуанаттардың сілекейімен немесе миымен ластанған заттармен жарақаттанғанда;
- Тістегенде тісі киімді тесіп өтсе, жыртылса және де киімі тоқымадан әрі жұқа болғанда;
- Тістеген, тырнаған немесе сілікей жұққан кезде хайуанаттар сау болғанымен, 10 күн ішінде олар ауырса, өліп немесе жоғалып кетсе;



- Адамдарды тістеген ит пен мысықтарды міндетті түрде иесіне немесе үйсіз күйсіз жүретін жануарларды аулайтын арнайы мекемеге, 10 күн ішінде ветеринарлық мамандардың қадағалауына және оқшаулауға ветеринарлық емдеу ұйымына әкелінсін.
- Оқшаулау мерзімі аяқталғаннан кейін дендері сау жануарлар вакцинациядан кейін 30 күн ішінде қайтарылады.
- Ауруға душар болған жануарлар Қазақстан Республикасының Заңына сай жойылады.
- Жануарларды құтыру ауруына қарсы егілу жайлы арнайы құжаттарында белгіленеді.
- Ауру жануарлардың болған барлық жеріне дезинфекция жүргізіледі.
- Құтыру ауруы таралған жерден ауырмайтын жануарлардан алынған жүн ауылдан арнайы ыдысымен тығыз материалмен ветеринарлық куәлігінде жүн дезинфекцияға жататындығы жайлы көрсетуімен қайта өңдейтін кәсіпорынға жеткізіледі. Ауырмайтын жануарларды жабайы хайуанаттар тістесе, егілгеніне қарамастан өртеуге жіберіледі.

Қарсы көрсеткіштері

- ❖ II және III дәрежелі жүрек қан тамыр жеткіліксіздігі.
- ❖ Туберкулездің айқын түрі, сусамыр, бауыр және бүйрек созылмалы аурулары.
- ❖ Тиреотоксикоз және басқа да эндокринді бұзылыстар.
- ❖ Антибиотиктерге күшті сезімталдықтың болуы.
- ❖ Жүктілік.

Ит тістеп алғанда не істеу керек?

- Жедел түрде хирург дәрігеріне қаралу керек.
- Жарақаттаған жануардың иесінің аты жөні, туған жылы, мекен жайы, үй телефонын білуі керек.
- Қандай жағдайда да жарақаттаған жануарды өлтіруге болмайды, себебі жарақаттаған жануарды мал дәрігеріне көрсетіп 10 тәулік бойы бақылауы керек. Мал дәрігері сол жануардың ден саулығы туралы анықтама беруі шарт.
- Ит тістегеннен кейін спиртті ішімдік қабылдауға болмайды, мас адамға антирабикалық егу жасалмайды.





- **Емдеуі:**
- Аурудың емі қолайсыз
- Науқасты қараңғы, тыныш палатаға оңашалау
- Морфин, аминазин, димедрол, хлоралгидрат клизма арқылы
- Өкпенің жасанды вентиляциясы
- Антирабиалық иммуноглобулиннің ауру кезінде әсері жоқ
- Болжамы қолайсыз, ауру өліммен аяқталады.



Қорытынды

- Үй итін қысқа шынжырмен ұстау керек. Міндетті түрде ауыз қабы болу керек және бөтен ит пен мысықтарға жақындатпау керек, өйткені дала жануарлары өлім тудыратын ауруды таратады. Сондықтан, әр адамды ит пен мысық тістесе, міндетті түрде травматологқа көрінуі керек және толық емдік курсы аду керек. Әр адам салауатты өмір салты үшін өзінің өміріне, денсаулығына өзі қарау керек.





Пайдаланылған әдебиеттер

1. С.А.Амиреев, А.С. Есмагамбетова, АМ. Куатбаева, В.К. Таточенко, Ш.У. Жандосов , Н.Жаикбаев
“Иммунизация на практике“
Алматы, 2014 жыл
2. В.К.Таточенко,Н.А.Озерецков
“Иммунопрофилактика”
Москва,2007ж
3. Қазақ ұлттық энциклопедиясы 4 том
4. kk.wikipedia.org/wiki/
5. kazmedic.org/archives/1874

Назарыңызға рахмет!

